

№ 12 тауарлық газды бөлшек саудада өткізу

шарты

Ақтөбе қ.

2026 ж. «17» наурыз

«Компания «Техногаз» ЖШС бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, оның атынан Жарғы негізінде әрекет ететін бас директор Р.Б. Амиртаев бір жақтан және «Ақтөбе облысы Темір ауданы Кеңкияқ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, бұдан әрі «Тұтынушы» деп аталады, оның атынан Ереже негізінде әрекет ететін, Әкім К.С. Серикжанов келесі жақтан, бірігіп «Тараптар» деп аталып, төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

ШАРТТА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

Шартта келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

- 1) **тауарлық газ (бұдан әрі - Газ)** - құрамында метаны басым көмірсутегілердің газ тәріздес күйде болатын, шикі газды өңдеу өнімі болып табылатын және құрамдастарының сапалық және сандық құрамы бойынша техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың талаптарына сай келетін көпқұрамдас қоспасы;
- 2) **есепке алу аспаптары** - мынадай функцияларды: газды өлшеуді, жинауды, сақтауды, оның шығысы, көлемі, температурасы, қысымы және аспаптардың жұмыс ауқыты туралы ақпарат көрсетуді орындайтын өлшеу құралдары мен басқа да техникалық құралдар;
- 3) **газ беру пункті** - газды есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша Тұтынушыға немесе оның өкілетті өкіліне газды беру жүзеге асырылатын, осы Шарттың №1 Қосымшасында көрсетілетін, Газ тасымалданатын пункт;
- 4) **есеп айырысу кезеңі** - жеткізілген газ үшін Жеткізуші мен Тұтынушы арасында өзара есеп айырысу жүргізілетін, жеткізілген газ көлемі анықталатын, кезең. Тараптармен келісілген есеп айырысу кезеңі Шартта көрсетіледі;
- 5) **газды жеткізудің (тұтынудың) орташа тәуліктік нормасы** - Шартпен белгіленген Газдың айлық көлемін тиісті айдың күнтізбелік күн санына бөлу арқылы анықталатын Газдың көлемі.
- 6) **газды жеткізудің (тұтынудың) орташа сағаттық нормасы** - Шартпен белгіленген, Газ жеткізудің орташа тәуліктік нормасын 24 сағатқа бөлу арқылы анықталатын Газдың көлемі.
- 7) **тұтынушы** - коммуналдық-тұрмыстық тұтынушы;
- 8) **жеткізу** - газды бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызмет;
- 9) **жеткізуші** - тауарлық газды бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлға;
- 10) **өкіл** - Жеткізушінің және/немесе биллинг компаниясының өкілі/қызметкері;
- 11) **газ тарату ұйымы** - Газды газ тарату жүйесі арқылы тасымалдауды, газ тарату жүйесін техникалық пайдалануды, сондай-ақ газды көтерме және бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға;



12) **газ тұтыну жүйесі** - газ тарату жүйесінен тауарлық газды немесе топтық резервуарлық қондырғыдан сұйытылған мұнай газын қабылдауға, сондай-ақ оларды отын және (немесе) шикізат ретінде пайдалануға арналған құбырлары (желілік бөлік) мен газ жабдығы кешені;

13) **уәкілетті орган** - газды өндіруді, тасымалдауды (тасуды), сақтауды және көтерме саудада өткізуді, сондай-ақ тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді және тұтынуды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

14) **өндіруші** - тауарлық газды өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

15) **газ тұтыну (газ) жабдығының қуаттылығы** - тәулігіне

24 сағат жұмыс істеу есебінен газ жабдығының максималды жиынтық қуаты;

16) **диспетчерлік кесте** - жеткізушімен тасымалдаушыға берілген өтінімге сәйкес газ жеткізудің сағаттық кестесі.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Шарт 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 532-IV «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 96 бұйрығымен бекітілген Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидалары және Қазақстан Республикасының басқа әрекеттегі нормативтік құқықтық актілері негізінде жасалды.

1.2. Газ осы Шарт бойынша Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасы шеңберінде ақылы тауар болып табылады.

2. ШАРТ МӘНІ

2.1. Жеткізуші Тұтынушыға қосылған желі арқылы өзінің тұрмыстық тұтынуы үшін газды жеткізуге және беруге міндеттенеді, ал Тұтынушы Газ беру пунктінде Газдың келісілген көлемін қабылдауға, оны осы Шарт талаптарына сәйкес төлеуге міндеттенеді.

2.2. Газды тиісінше жеткізу үшін құқықтық және техникалық (технологиялық) талаптардың болуы осы шартты жасаудың талаптары болып табылады, оның ішінде:

1) Тұтынушы тарапынан - газ тұтыну жүйелерін пайдалану жөнінде рұқсат құжаттардың (техникалық шарттар, газбен жабдықтау жобасы, газ тұтыну жабдығына арналған паспорт), газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге жасалған шарттың болуы;

2) Жеткізуші тарапынан Газдың тиісті көлемі туралы растайтын құжаттың болуы.

2.3. Газды жеткізу көлемі, Газ бағасы, Газды беру пункті және Газды жеткізудің айлық кестесі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 Қосымшада көрсетіледі.

2.4. Келесі Қосымшалар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады:

№1 Қосымша - Газдың келісілген көлемдері, бағасы және Газ беру пункті туралы мәліметтер;

3. ГАЗДЫ ЖЕТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Тұтынушы бірыңғай газ жүйелерінің объектілерін, аспаптарын және жабдықтарын

пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын орындауға алғандай, тауарлық жабдықтары, Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

(бес) жұмыс күннен аспауы тиіс.

Осы Шартта қарастырылған негіздер бойынша Газдың жеткізілуі қысқартылған немесе тоқтатылған кезде, Жеткізуші Газ жеткізуді тоқтатуға немесе қысқартуға, ажыратуға байланысты Тұтынушының шығындарына және залалдарына ешқандай жауапты болмайды.

3.9. Тауарлық газды жеткізуге әсер етуі мүмкін кез келген төтенше жағдайлар немесе апаттар туралы Тұтынушыны дереу хабардар етіп, сондай-ақ тауарлық газды калыпты жеткізуді қалпына келтіру үшін барлық қажетті шараларды қабылдау.

4. ГАЗДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ТӘРТІБІ

4.1. Газ көлемінің есебінсіз оны жеткізуге және алуға рұқсат етілмейді. Коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылармен пайдаланылатын Газдың көлемін есепке алу:

- 1) тауарлық газды қабылдау (беру) пункттерінде орнатылған есепке алу аспаптары бойынша;
- 2) газ тұтыну жабдығының қуаты бойынша - есепке алу аспаптары болмаған жағдайда, олар бұзылған немесе газ жабдығының параметрлеріне сәйкес болмаған, сондай-ақ байқауаралық интервалдың мерзімі өткен кезде жүргізіледі.

4.2. Есепке алу аспаптарының көрсеткіштері олар техникалық түзу болғанда, барлық өлшеу құралдарының лейблі, пломбалары, тексеру туралы сертификаты, паспорттары болса және Қазақстан Республикасында қабылданған стандарттардың және нормативтердің талаптарына сәйкес барлық рәсімдер дұрыс жүргізілген жағдайда, жарамды деп танылады.

Егер Тараптардың бірінде есепке алу аспабының көрсеткішінің дұрыстығына күмән болған жағдайда, есепке алу аспабын кезектен тыс тексеруден өткізуге байланысты барлық шығындарды бастама жасаған Тарап өзіне алады.

4.3. Жеткізілген газдың көлемі есепке алу аспаптары бойынша есепке алынған жағдайында, Тараптар:

- 1) есепке алу аспаптарының кез келген торабын және элементін, Газ есебіне қатысы бар бекіткіш арматурасын олардың қалыпты жұмысын бұзбау үшін оларды пломбалауға құқылы. Пломба салу барлық қажетті мәліметтер көрсетілген Актімен ресімделеді. Пломба салу туралы Актілер одан әрі төлеу үшін Тараптарға беріледі.

4.4. Тараптар:

- Тараптардың келісімі бойынша жоспарлы;
- есепке алу аспаптарының иесіне ескертпей, жоспардан тыс Газды есепке алу аспаптарын өзара тексеруге құқылы.

Жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер тексерушілердің газ тұтыну жүйелерінің объектілеріне және ондағы есепке алу аспаптарына, Газдың көлемдерін беруге және есепке алуға байланысты басқа жабдықтарға және құжаттамаларға тәулік бойы кедергісіз қол жеткізуін қамтиды.

Тараптардың бірінші басшылары немесе Тараптардың өкілетті тұлғасы жоспардан тыс тексеру жүргізуге құқығы бар тұлғаларды тағайындайды және тауарлық газды пайдалану тәртібінің бұзылуы анықталған жағдайда фото- бейне жасауға құқығы бар. Кенеттен тексеру жүргізуге өкілеттігі бар тұлғалардың тізімінің көшірмесі Тұтынушыға беріледі.



Ескі тізім жойылғаннан кейін тізім жаңартылады.

Газды есепке алу аспаптары орнатылған күзетулі аймақ пен ғимаратқа өту жеке куәліктің көрсетілуімен жүзеге асырылады. Күзетші және өкілетті өкіл есепке алу аспаптарына тексерушінің тәулік бойы кедергісіз өтуін қамтамасыз етуге және өз аумағында ертіп жүруге, сонымен қатар, тиісті актілерге қол қоюға міндетті.

4.5. Жеткізілген айдағы нақты Газ көлемі Газды жеткізу актісімен (бұдан әрі Акт) және №2 Қосымшаға сәйкес жүкқұжатпен расталады.

4.6. Тұтынушы жеткізілген Газдың көлемдерін анықтаумен келіспеген жағдайда, бір күндік мерзімде Жеткізушіге жазбаша түрде Актіге қол қоюдан дәлелді бас тартуды жолдайды. Тұтынушы дәлелді бас тартуда міндетті түрде Газдың даусыз көлемін, сондай-ақ Газдың даулы көлемі бойынша негіздемелерді көрсетеді.

4.7. Тұтынушы көрсетілген мерзімде дәлелді бас тартуды бермесе не осындай бас тартуды Газдың даусыз көлемін, сондай-ақ Газдың даулы көлемі бойынша негіздемелерді көрсетпей берсе, Жеткізуші Шартқа №1 Қосымшада көрсетілген көлемдерден өз бетінше көлемдерді бөледі, көлемдер Тараптармен қабылданды деп саналады және олар толық көлемдегі Актіге қол қоюға міндетті.

4.8. Газды жеткізу акті осы Шарттың ажырамас бөлігі және Тараптар арасындағы өзара есептесулер үшін негіз болып табылады.

4.9. Уәкілетті органмен белгіленген Газды есепке алу аспаптарын аралық тексеруден өткізу интервалының аяқталуына байланысты не Жеткізушінің берген ұйғарымы (хабарламасы) негізінде және Газды есепке алу аспаптарын тексеруді жүргізу үшін Газ беудің тоқтатылуына байланысты Жеткізушінің есепке алу аспабы жоспарлы тексерілген жағдайда, Жеткізуші Тұтынушыда өндірістің уақытша тоқтауына байланысты Тұтынушының шығындарына (алынбаған пайдаға) жауапты болмайды.

4.10. Жеткізушінің өкілдерімен Тұтынушының пломбаны үзуі, Тұтынушының газды рұқсатсыз алуына мүмкіндік беретін пломбаға немесе есепке алу аспабына ықпал еткені, сондай-ақ газ таратушы, газ желілері ұйымдарының келісімінсіз газбен жабдықтау жүйесіне қосылуы, газ жабдығын және есепке алу аспабын монтаждауы, демонтаждауы, пайдалануға жарамды есепке алу аспабын ауыстыруы айқындалған жағдайда, Жеткізуші соңғы тексеру жүргізілген күннен бастап анықталған күнге дейінгі, алайда екі айдан артық емес кезеңге эксплуатациялық жауапкершілік шекарасындағы газ құбырының өткізгіштік қабілеті бойынша газ шығынына қайта есеп жүргізеді.

Есепке алу аспаптарына дейін және газды ұрлау фактілері және газды ұрлаудың басқа түрлері анықталған жағдайда, Жеткізуші ішкі істердің аймақтық органдарына осы фактілер туралы бірден хабарлайды және бірлесіп бұзу фактісін одан әрі құжаттау үшін оқиға орын алған орынды тексереді.

Газбен жабдықтауға қосылу схемасын тексеру Жеткізушінің өкілдерімен құрылған, газбен жабдықтауға қосылу схемасын тексеру актісімен расталады.

4.11. 4.10-тармақта айтылған бұзушылықтар Тараптардың өкілдерімен қол қойылатын, айқындалған бұзушылықтар Актісімен ресімделеді. Тұтынушы құрылған Актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оған заңды күш беру үшін айқындалған бұзушылықтар Актісінде құрамында 3 (үш) адамнан кем емес Жеткізуші өкілінің қолының болуы жеткілікті болып саналады.

Айқындалған бұзушылықтар Акті әр Тарапқа бір дана бойынша, екі данада құрылады. Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлік қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Айқындалған бұзушылықтар Акті негізінде Жеткізуші Шарттың 4.10- тармағына сәйкес Газ көлемінің қайта есебін жүргізеді.

4.12. Газ тұтыну жүйелерінің объектілеріндегі Газды есепке алу аспабын ұстауға, техникалық жағдайына және тексерілуіне есепке алу аспаптарының иелері жауапты болады.

4.13. Жеткізушінің Газды есепке алу аспабы Тұтынушының аумағында болған жағдайда, оның сақталуына соңғы жауапты болады.

4.14. Жеткізуші өкілімен Бөлу шекарасынан есепке алу аспабына дейінгі учаскеде газдың шығуы анықталған кезде, Газдың шығуы туралы тиісті акт құрылады. Бұл жағдайда есепке алынбаған газ көлемі тиісті әдістемеге сәйкес есептеледі және Тұтынушымен соңғы тексеру күнінен бастап қайтарылады.

4.15. Тауарлық газдың көлемінің өлшем бірлігін есептеу мақсатында Цельсий бойынша 20 градус температура және сынап бағанасы 760 мм. қысым кезіндегі газдың бір текше метрі қолданылады.

4.16. Егер сыртқы орта параметрлері Шарттың 4.13 т. көрсетілгеннен ерекшеленген жағдайда, ал есепке алу аспаптары тиісті корректормен жабдықталмаса, Жеткізуші пайдалану жөніндегі басшылыққа, есепке алу аспабының паспортына сәйкес немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен газдың жұмыс параметрлерін стандарттар шарттарына келтіру жолымен корректорларсыз есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін қайта есептеуді жүзеге асырады.

4.17. Тұтынушы Жеткізушімен тәуліктің кез келген уақытында Газды жеткізу режимдерін өзгертуге жедел ықпал ету үшін Газды тұтыну объектісін телефон байланысымен қамтамасыз етеді. Телефон байланысы болмаған жағдайда, Жеткізуші газды жеткізу режиміне жауапты болмайды.

5. ТӨЛЕМ ТӘРТІПТЕРІ

5.1. Тұтынушы осы шарт бойынша газды жеткізу төлемін Жеткізушінің есептік шотына шот-фактура негізінде ол берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде жүргізеді. 5.2. Газдың бағасы негіздемелер болған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

Газ бағасының өзгергені туралы ақпарат Тұтынушыға бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) арқылы жеткізіледі.

5.3. Шарттың жалпы сомасы №1 Қосымшада көрсетіледі және тауарлық газды бөлшек саудада өткізу бағасының өзгеруіне сәйкес өзгертілуі мүмкін. Бұл жағдайда Шартқа қосымша келісім жасасу талап етілмейді.

5.4. №1 Қосымшаға сәйкес баға бойынша есептелген, бір айда нақты жеткізілген Газ бағасының сомасы Газды жеткізу Актісімен расталады, Жеткізуші оның негізінде есепті айдан кейінгі айдың 15-ші күнінен кешіктірілмей шот-фактура қояды.

5.5. Осы Шарттың 4.6-тармағында айтылған жағдайда, Тұтынушы Газдың даусыз көлемінің төлемін Газды жеткізу Актіге қол қоюдан бас тарту туралы негіздер берілген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жүргізуі тиіс.

5.6. Осы Шарттың 4.7-тармағында айтылған жағдайда, Тұтынушы Газдың қабылданған көлемінің төлемін Газды жеткізу Актіге қол қоюдан бас тарту туралы негіздерді беру мерзімі



өткен күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жүргізуі тиіс.

5.7. Тұтынушы газ үшін төлем бойынша өз міндеттерін орындамаған жағдайда, Жеткізуші:

- осы Шарттың 8.1-тармағына сәйкес өсімпұл қолдануға;
- осы Шарттың 3.7-тармағына сәйкес Газ жеткізуді тоқтатуға құқылы.

Бұл ретте Жеткізуші газ жеткізуді тоқтатуға немесе қысқартуға байланысты залалдар мен шығындар үшін жауап бермейді.

5.8. Тоқсан қорытындылары бойынша өзара есеп айырысудың бухгалтерлік актілерін Жеткізуші ресімдейді, ол есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінші) күніне дейінгі мерзімде актілерге қол қояды, мөр болған жағдайда мөрмен растайды және Тұтынушыға жібереді. Актіге бірінші басшы және бас бухгалтер қол қояды, Тұтынушының мөрімен (бар болған жағдайда) куәландырылады және есепті тоқсаннан кейінгі айдың 30 (отызыншы) күніне дейінгі мерзімде Жеткізушіге кері жіберіледі.

5.9 Газ үшін төлем сомасынан бірінші кезекте өсімақы сомасы өтеледі, екінші кезекте газ үшін берешек сомасы және нортариалдық/сот шығындары өтеледі, үшінші кезекте ағымдағы кезең үшін тұтынылған газ сомасы есептеледі.

Егер ағымдағы ай үшін төлем сомасы нақты жеткізілген Газдың бағасынан артық болса, онда артық сома келесі ай үшін төлем есебіне саналады.

5.10. Төлем бюджеттік бағдарламасы арқылы іске асырылады: **124001015151**

124 - Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты;

001- Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер;

015- Жергілікті бюджет қаражаты есебінен;

151 - Коммунальдық қызметтерге ақы төлеу.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Тұтынушы құқылы:

- 1) Шартта белгіленген сападағы және айтылған сандағы Газды алуға және пайдалануға;
- 2) заңнамада белгіленген тәртіпте Газ бағасы туралы ақпаратты алуға;
- 3) Шарттарды жасауға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына өтініш білдіруге;
- 4) Жеткізушіге бір ай бұрын Шарттың бұзылатыны туралы хабарланған және Газ жеткізу үшін толық төлем жасалған жағдайда, Жеткізушімен жасалған Шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы.

6.2. Тұтынушы міндетті:

- 1) осы Шарт талаптарына сәйкес төлемді толық көлемде және уақытылы жүргізуге;



- 2) Газды пайдалану кезінде техникалық қауіпсіздік талаптарын сақтауға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жеткізушімен белгіленген техникалық талаптарды орындауға;
- 4) Газды Шарт талаптарына сәйкес пайдалануға, оның тиімді жұмсалуды қамтамасыз етуге, газ тұтыну режимін және шұғыл-диспетчерлік тәртіпті сақтауға;
- 5) Шартты бұзатын жағдайда, осы Шарт бойынша толық төлем жүргізіп, Жеткізушіге Шарт бұзылғанға дейін бір ай бұрын кешіктірмей хабарлауға;
- 6) Жеткізушіге өндірісті жоспарлы тоқтау туралы осындай тоқтату болғанға дейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабарлауға;
- 7) Жеткізушінің диспетчерлік пунктіне тәулігіне жеткізілген газдың көлемі, оның тәуліктік орташа қысымы, температурасы және қысым айырмасы туралы ақпаратты беретін өзінің жауапты тұлғасын тағайындауға;
- 8) Шартты жасау кезінде, сонымен қатар одан кейін жыл сайын 15 қаңтарға дейінгі мерзімде газ тұтыну жүйелері мен газ жабдығына техникалық қызмет көрсету шартын ұсынуға міндетті.

6.3. Жеткізуші құқылы:

- 1) жеткізілген Газ үшін төлемді толық көлемде және уақытылы алуға;
- 2) Газдың тұтынылуына және Газ жеткізу үшін төлемнің уақытылы төленуіне бақылау жасауға;
- 3) осы Шартпен көзделген жағдайларда Газдың жеткізілуін тоқтатуға;
- 4) Тұтынушыдан газ жабдықтарының және Газды есепке алу аспаптарының қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуді талап етуге;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тұтынушымен газ тұтыну режимін сақтау үшін міндетті техникалық талаптарды белгілеуге;
- 6) Тұтынушы нақты қойылған шот-фактура бойынша төлемді 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аса өтемеген жағдайда, Тұтынушы туралы барлық қолында бар ақпаратты «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» ҚР Заңына сәйкес Кредит бюросына беруге;
- 7) расталған көлем болмаған жағдайда, газды жеткізу көлемдерін арттырудан бас тартуға;

6.4. Жеткізуші міндетті:

- 1) Шартпен белгіленген мерзімде жеткізілген Газдың сапасына және санына бақылау жасауға және есеп жүргізуге;
- 2) газ тұтынуды есепке алуға, сондай-ақ осы Шартпен көзделген міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге;
- 3) осы Шарттың 5.4-тармағына сәйкес ай сайын Тұтынушыға

шот-фактураларды беруге;



4) Газды жеткізуге ықпалын тигізетін кез келген төтенше жағдайлар немесе авариялар туралы Тұтынушыға дереу хабарлауға, сонымен қатар Газды жеткізуді тұрақты ету үшін

барлық қажетті іс-әрекеттерді қабылдауға;

5) Тұтынушыға немесе оның уәкілетті өкіліне Газды жеткізу мәселелері жөніндегі ақпаратты беруге міндетті.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ШЕКТЕУІ

7.1. Тараптарға Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын немесе Тараптардың құқықтарын шектейтін өзге іс-әрекеттерді жасауға тыйым салынады.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

8.1. Газ үшін ақы төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған тұтынушы қарызды толық өтеген сәтке дейін әрбір мерзімі өткен күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының 1,5 есе ставкасы мөлшерлемесі көлемінде айыпақы төлейді, бірақ газ үшін ақы төлеу жөніндегі берешек сомасының 10% (он пайыз) артық болмауға тиіс.

8.2. Осы Шарттың талаптарына сәйкес айыпақыларды есептеу және санау әр ай бойынша жеке жүргізіледі. Айыпақы төлемдері Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.3. Жеткізушінің кінәсі бойынша Газ жеткізуде олқылық болған немесе көлемі кемітілген жағдайда, Тұтынушы Жеткізушіге әрбір толық жеткізілмеген күн үшін, толық жеткізілмеген Газ құнының сомасынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісімен белгіленген қайта қаржыландырудың 1,5 еселік мөлшерлемесі көлемінде, бірақ толық жеткізілмеген Газ құнының 10% (он пайыз) артық емес мөлшерде өсімақы қолдануға құқылы.

Есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күні айыпақы есептеу мерзімінің басы болып табылады.

9. ФОРС-МАЖОР ЖАҒДАЙЛАРЫ

9.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағандары немесе тиісінше орындамағандары үшін, егер олар еңсерілмейтін күш салдарынан: табиғи зілзала; әскери әрекеттер; террорлық актілер; Жеткізушімен қадағаланбайтын, газ тасымалдау жүйесіндегі немесе газ иесі болып табылатын өндірушілердегі апаттар мен авариялық жағдайлар; газ тасымалдауға ықпал ететін үкіметаралық келісімдер; газды шектеуге ықпал ететін, мемлекеттік органдардың құқықтық актілері мен іс-әрекеттері салдарынан болса, жауапты болмайды. Бұл жағдайда бірде-бір Тарап шығындарды өтеттіруге құқылы болмайды. Кез келген Тараптың талабы бойынша, бұл жағдайда, Шарт бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын анықтайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте, Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайлары басталғанға дейін туындаған, Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш жағдайлары басталған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күннің ішінде бір-біріне ол туралы хабар береді, Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымымен расталған, төтенше оқиға жағдайларының басталған күнін анықтайтын және сипаттайтын жазбаша хабарламаны пошта арқылы береді немесе тапсырады.



9.2. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш жағдайлары әрекет еткен мерзімге тоқтатыла алады, бірақ мұндай жағдайлар Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін шекте ғана болады.

Егер еңсерілмейтін күш жағдайлары 3 (үш) немесе одан көп айға созылса, Тараптардың әрқайсысы Шартты бұзу туралы екінші Тарапты болжамды бұзу күнінен кемінде 20 (жиырма) күнтізбелік күн бұрын алдын ала хабардар ете отырып, оны бұзуға құқылы. Бұл ретте, Тараптар 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүзеге асыруға міндеттенеді.

10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

10.1. Осы Шарт бойынша немесе оған байланысты Тараптардың арасында туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

10.2. Келіспеушіліктер мен дауларды келіссөз арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тәртіппен сот тәртібімен қарауға жатады.

11 . ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

11.1. Осы Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, 2026 жылғы «01» қаңтардан бастап қолданылу мерзімін ұзартады және және 2026 жылдың «31» желтоқсанға дейін, ал ақшалай міндеттемелерді орындау бөлігінде олар толығымен орындалғанға дейін қолданылады.

11.2. Тұтынушы осы Шартқа қол қоя отырып, Жеткізушінің келесі әрекеттеріне осы Шарттың 6.3-тармағының б) тармақшасында көзделген жағдайда, «Мемлекеттік кредит бюросы» АҚ ақпарат беруіне өз келісімін береді;

11.3. Осы Шартқа өзгертулер, толықтырулар, Шарт шеңберіндегі Тараптардың келісімдері жазбаша түрде ресімделеді және екі Тараппен қол қойылған сәттен бастап заңды күштері бірдей, осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

11.4. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерде екі данада жасалды. Мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған Шарттың мәтіні арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар Шарттың талаптарын орыс тілінде жазылған мағынаға сәйкес түсіндіреді.

11.5. Тараптар 10 (он) күнтізбелік күн ішінде бірінші басшыны ауыстырған, заңды мекенжайы, атаудың банктік деректемелері, ведомствалық тиесілігі, меншік нысаны өзгерген, жаңа есептік ағымдағы шоттар ашылған, таратылған және осы Шарттың тиісінше орындалуына ықпал ететін басқа да деректер өзгерген кезде бір-біріне міндетті хабарламалар жүргізуге міндетті.

11.6. Тараптар осы Шартпен реттелмеген барлық басқа жағдайлар бойынша, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын басшылыққа алады.

12. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

ЖЕТКІЗУШІ:

«Компания «Техногаз» ЖШС



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Мекен-жайы: ҚР, Ақтөбе қ., Ломоносов к., 11В

Тел/факс: 8 (7132) 96-81-96

Email: info@tehnogaz.kz

ЖСН 030740005080

ЖСК KZ106010121000230966

АҚ «Қазақстан Халық Банкі»

БСК HSBKZKX, БөК 17

Бас директоры

_____ /Р.Б. Амиртаев/

М.О.

ТҰТЫНУШЫ:

«Ақтөбе облысы Темір ауданы Кеңқияқ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

Мекен: Темір ауданы, Кеңқияқ п., Парковая к-і, 8

Тел/факс: 8 (71346) 26-2-49, 26-2-51.

Email: _____

БИН 111240010485

ЖСК KZ70070106KSN0613070

БИК KCMFKZ2A

Қаржы мекемесінің басқаруы Қаржы мекемесінің департаменті Ақтөбе облысы Темір ауданы бойынша ҚР ҚМ ҚК

Әкім



_____ /К.С. Серикжанов/

М.О.



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:

Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
001-015-151 : Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу												
	"Ақтөбе облысы Темір ауданы Кеңқияқ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Табиғи газ	газ құрылған	Тауарлық газды бөлшек саудада өткізу	Мың текше метр	17	49 611.96	жыл бойына	жыл бойына	Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Кеңқияқ а. (17)	0	843 403.30



ПОСТАВЩИК:
ТОО «Компания «Техногаз»
Адрес: РК, г. Актюбе, ул. Ломоносова, 11В
Телефакс: 8 (7132) 96-81-96
Email: info@technogaz.kz
БИН 030740005080
ИНК КЗ198019121000230966
АО «Народный Банк Казахстана»
БИК HSBKZKZK, КББ 17

Генеральный директор

_____/Амиртаев Р.Б./

М.П.

ПОТРЕБИТЕЛЬ:
ГУ «Аппарат акима Кенкинского сельского округа Темирского района Актюбинской области»
Адрес: Темирский район, п. Кенкияк, ул. Парковая, 8
Телефакс: 8 (71346) 26-2-49, 26-2-51.
Email: _____
БИН 111240010485
ИНК КЗ70070108КСН0613070
БИК ККМФКZ2A
Банк Темирского района Управление казначейства Департамент казначейства по Актюбинской области КК МФ РК

Аквим

_____/Серикжанов К.С./

М.П.



Перечень закупаемых товаров(работ/услуг)

№ электронной закупки:

Наименование электронной закупки: Решение о проведении государственных закупок

№ лота	Наименование заказчика	Наименование	Краткая характеристика	Дополнительная характеристика	Единица измерения	Количество, объем	Цена за ед., включая НДС, тенге	Планируемый срок поставки	Срок поставки по договору	Места поставки	Размер авансового платежа, %	Общая сумма, включая НДС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
001-015-151 : Оплата коммунальных услуг												
	Государственное учреждение "Аппарат акима Кенкиякского сельского округа Темирского района Актюбинской области"	Газ природный	газообразный	Розничную реализацию товарного газа	Тысяча метров кубических	17	49 611.96	в течение года	в течение года	Актюбинская область, Темирский район, с.Кенкияк (17)	0	843 403.30

